

## **Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 1165 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 шілдеде № 6389 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Бақылау функцияларын жүзеге асыруға қажетті ақпаратты және құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және өзара сақтандыру қоғамының ұсыну нысандары мен мерзімдерін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4994 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 4 маусымда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 маусымда жарияланған);

2) "Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулыға қосымшаның 13 -тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5470 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2016 жылғы 23 сәуірде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 16 маусымда жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Қ. Көшербаев*